

1995 жылдың 1 қазанынан бастап зейнетақыларды өсіру және қайта есептеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 21 қыркүйек N 1277. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.03. N 809 қаулысымен.

"1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының (20-бап, бесінші абзац) орындау үшін және "Бұрын тағайындалған зейнетақыларды қайта есептеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 сәуірдегі N 309 қаулысына сәйкес зейнетақыларды қайта есептеуге жыл сайын қолданылатын тетіктің тиімсіздігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 1995 жылдың 1 қазанынан бастап осы күнге дейін қалыптасқан зейнетақылардың мөлшерін: еңбек зейнетақыларын, асыраушысынан айрылуына байланысты, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің мүгедектігіне байланысты алатын зейнетақыларының, әлеуметтік зейнетақыларының мөлшерін 20 процентке өсіру жүзеге асырылсын. Бұл ретте қосымшаның ең төменгі сомасы еңбек зейнетақыларына (асыраушысынан айрылуына байланысты алатын зейнетақылардан басқа) -300 теңгеден, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің мүгедектігіне байланысты алатын зейнетақыларына - 300 теңгеден, асыраушысынан айрылуына байланысты алатын зейнетақыларына - 200 теңгеден, әлеуметтік зейнетақыларға (бала кезінен мүгедек болуынан басқа) - 100 теңгеден, бала кезінен мүгедек болғандардың зейнетақыларына - 150 теңгеден төмен болмауы тиіс.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстардың, Алматы қаласының әкімдері 1995 жылдың 1 қазанынан бастап зейнетақылардың жаңа өсірілген мөлшерінің қайта есептелуі мен төлем ж а с а л у ы н жү р г і з с і н .

3. "Бұрын тағайындалған зейнетақыларды қайта есептеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 2 сәуірдегі N 309 қаулысының Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 14, 236-бап күші оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен бірге, 1996 жылғы 1 қазанға дейін тоқтатыла тұрсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ